

*«Продолжить ряд чисел»

*использование на уроке интересных фактов из истории математики, геометрии (например, про циркуль, его изобретение)

*решение логических задач

* решение примеров с зашифрованными числами (например, в виде фруктов)

Естественнонаучная грамотность – это способность человека осваивать и использовать естественнонаучные знания для распознавания и постановки вопросов, для освоения новых знаний, для объяснения естественнонаучных явлений и формулирования основанных на научных доказательствах выводов в связи с естественнонаучной проблематикой.

Виды заданий на уроках естественнонаучного цикла можно условно разделить на 3 группы:

1. Задания, формирующие знаниевый компонент естественнонаучной грамотности.

2. Задания, направленные на применение знаний на практике.

3. Задания, позволяющие сформировать опыт рассуждения при решении нестандартных задач – жизненных ситуаций.

Исходя из вышеизложенного, следует отметить, что развитие функциональной грамотности ребёнка исходит из идеи единства и целостности урочной и внеурочной формы образовательного процесса. На уроках и внеурочных занятиях школьники должны получить опыт решения контекстных задач и заданий, в которых необходимо интерпретировать информацию, преобразовывать её и моделировать ситуации её применения в жизненных ситуациях.

Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт начального образования. Приложение 2 к приказу Министерства образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 604 [ЭР] <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669>

2. Акушева, Н. Г. Развитие функциональной грамотности чтения / Н. Г. Акушева, М. Б. Лойк, Л. А. Скорodelова // Наука, образование, общество: тенденции и перспективы развития: сборник материалов XVII Международной научно-практической конференции. - 2020. - С. 49-51.

3. Алексеева, Е. Е. Методика формирования функциональной грамотности учащихся в обучении математике / Е. Е. Алексеева // Проблемы современного педагогического образования. - 2020. - № 66-2. - С. 10-15.

4. Кузнецова, Н. М. Внеурочная деятельность как компонент образовательного процесса, обеспечивающий формирование функциональной грамотности учащихся / Н. М. Кузнецова, А. А. Денисова // Региональное образование: современные тенденции. - 2020. - № 1 (40). - С. 123-126.

**Джанзакова Ш.И., Салауатқызы А., Нурадинова А.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.**

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай күйі, еліміздің полимәдениеттілік, көпконфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді.

Кілт сөздер: тәрбие, ұлттық тәрбие, тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Ұлтымыздың рухани жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» [1] деген даналық өсиетінің мәні қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан мемлекеті үшін орасан зор.

Қазақстанның болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жас ұрпақты отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана

алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ.

«Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында»: «Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді» [2].

Жас ұрпақтың санасын шыңдауға қызмет ететін білім жүйесін қалыптастыру – қазіргі заманның өзекті мәселесі болып тұр. Ал мұндай білім жүйесі сол ұлттың төл болмысымен санасу арқылы жүзеге асады. Өйткені, өткен тарихтың сын көзінен өткен құнды ұлттық дүниетаным мұралары жас буынның рухына негіз болып қаланып, болашаққа бағыт жасап отырған жағдайда ғана ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілмейді.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі ретінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының бұл заңында: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» керектігі белгіленген [3].

Жас ұрпақтың тәрбие мәселесі бағытында (әл-Фарабидің, Ж.Баласағұни, М.Қашқари) еңбектерінен бастау алады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары (Ш.Уәлиханов Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов және) т.б. түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдіснамалық негізін жасады.

Орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізі халықтық педагогика мен этнопедагогика болып табылады. Көрнекті қазақстандық ғалымдар (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Ә.Табылдиев, М.Х.Балтабаев, Р.Қ.Дүйсембінова, Қ.Б.Бөлеев, С.Ғаббасов, Қ.Қ.Шалғынбаева және т.б.) зерттеулер жүргізіп, өз еңбектерінде халықтық педагогиканың қалыптасуы мен дамуын, оның құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін, мектептің оқу-тәрбие процесінде алатын орны мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырды.

Әр халықтың ұлттық дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты. Сондықтан біздің көтеріп отырған мәселесіміз біріншіден – ұлт, екіншіден – тәрбие мәселесі.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» - деген бабаларымыз. Этностың өз ішіндегі ала-құлалық ұлттың, мемлекеттіліктің болашағына қатер туғызбай қоймайды. Алғашқыда ұлттық тұтастықтан, онан соң мемлекетінен айрылудың әкелер қасіретін - бек ұлдардың құл болатынын, пәк қыздардың күң болатынын осыдан ХІІІ ғасыр бұрын Күлтегін тасына қашап жазған байырғы түркілердің даналығынан көруге болады. Кеңестік жылдары Күлтегіндей дананың айтқаны басымыздан өткені рас .

Орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға мәселесі қазақ топырығында туып, аттары элемге әйгілі болған ұлы бабаларымыз Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни және Махмұт Қашқаридың еңбектерінде ерекше орын алып, тамырын кең жая білді [4:5:6].

Бар саналы ғұмырын Ы.Алтынсарин оқу-ағарту саласына жұмсаған ол қазақ жастарын еңбексүйгіш әділ, шыншыл, ар-ұятты, қарапайым да мейірімді, сабырлы да сүйкімді, өнерлі де өнегелі, азамат болуға үндейді. Ағартушы «Бұл кім?», «Ананың сүюі» өлеңдерінде, «Аурудан аяған күштірек», «Надандық»,

Сонымен алаш қайраткерлерінің ортақ идеясы халықтың санасын оятып, оқу-білімге үндеу болатын. Сонымен бірге қазақ халқы бойындағы ұлттық сананы, ұлттық сезімді, ұлттық тарихты, тілді, мәдениетті басқаларға таныту мақсатында еңбек етті.

Қазақстан Республикасы өз алдына дербес мемлекет ретінде егемендігін алғаннан кейін елімізде ұлттық рухани мұраларымызға бет бұрып, соның негізінде тәрбие беруге көңіл қойыла бастады. Осы тұрғыдан орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға атауын өздерінің докторлық диссертацияларында Қ.Бөлеев пен К.Оразбекова пайдаланып, жеке тұлға орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері мен тәрбие беруге мұғалімдерді дайындаудың теориясы мен тәжірибесін зерттеді [7;8].

К.Ж.Қожахметова орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру этникалық тәрбиеге қарағанда кең ұғым деп қарастыра отырып, мынадай анықтама береді: орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға -жалпыхалықтықты ұлттық сипаттармен біріктіре алатын ұлттың азаматтарын, мүшелерін қалыптастыру: олар тілді, мәдениетті білумен қатар қазіргі заманға сай білімді де игеруі қажет [9].

Г.Н.Волков «Чуваш халықтық педагогикасы» және «Этнопедагогика» атты еңбектерінде халықтық педагогика проблемасын неғұрлым толық қарастырып, тәрбие пәніне, педагогикалық негіздеріне, әдістеріне, құралдарына анықтама береді. Педагогикалық әдебиетте тұңғыш рет «этнопедагогика» терминін қолдана отырып, оған «жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі халық бұқарасының тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым, тұрмыс педагогикасы туралы, отбасы, ру, тайпа, ұлыс және ұлт педагогикасы туралы ғылым этникалық жағдайлардың әсерімен қалыптасқан ұлттық сипаттағы ерекшеліктерді зерттейді...» - деген анықтама береді. «Этнопедагогиканың» «халықтық педагогикадан» айырмашылығын көрсетіп, «егер халықтық педагогика тәжірибеге және оның сипатына қатысты болса, этнопедагогика – теориялық ой саласы, ғылым саласы» [10].

Орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жалпы тәрбие теориясының негізгі саласы, құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдіснамасы мен ғылыми-әдістемелік мазмұны педагогика ғылымында тәрбие теориясына негізделеді.

Болашақ мұғалімді орта мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға даярлаудың тиімділікпен жүзеге асыру үшін ең алдымен тәрбие ұғымына қатысты терминдерді нақтылап алу қажет.

Педагогикалық сөздікте «Тәрбие» ұғымы «адамның рухани дамуы мен оны қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлаудың мақсатты бағытталған процесс ретінде анықталған [11]. Тәрбиені тар мағынада мұғалімнің және тәрбиешінің ата-аналарымен бірігіп, мақсатты түрде жүргізетін тәрбие жұмыстары деп түсіну керек. Тәрбиені кең мағынада табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың, бүкіл бұқараның, тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін ықпалы деп түсіну керек.

Тәрбиенің мақсаты жеке адамды жан-жақты дамыту болып табылады. Жан-жақты дамыған жеке адам ақыл-ой даму, жоғары дәрежедегі жалпы және политехникалық білім, дене және ақыл-ой еңбегіне психологиялық және практикалық даярлығымен, адамгершілік, эстетикалық және денелік дамуының бірлігімен әр түрлі материалдық және рухани сұранысымен сипатталады. Тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту ертеден келе жатқан, мәні өзгермеген тәрбиенің идеал-мақсаты болып табылады. Сократтың түсінігінше, тәрбие мақсаты - заттардың табиғатын зерттеу емес, өз-өзінді тану, аса құлықтылықты жетілдіру.

Тәрбиенің мақсатын анықтайтын негізгі фактор - мемлекеттік идеологиясы, саясаты. Педагогика ғылымында тәрбиенің басшылыққа алуға тиісті тәрбие процесінің жалпы заңдылықтарын бейнелейтін бастапқы ережелер, яғни тәрбие принциптері анықталған. Принциптерде педагогикалық процестің заңдары мен заңдылықтары жүзеге асады, яғни мұғалімнің теориядан практикалық әрекетке көшуі болады.

Тәрбие принциптерінің түрлері: педагогикалық процестің ізеттілігі, тұлғалық нысандық бағыттылығы, іс-әрекеттің санамен мінез-құлық бірлігін қалыптастыруға бағыттылығы; педагогикалық процестегі іс-әрекеттерді оқушылар тұлғасын дамытудың көкейкесті қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру; оқушы мен ұжымның дамуында жеке дарылықты психологиялық, физиологиялық, жас ерекшелік пен ұлттық ерекшеліктерді ескеру; педагогикалық басшылықты оқушылардың бастамашылығымен, қайраткерлігімен ұштастыру; оқушылардың іс-әрекеттерде тиімді нәтижелерге жетуге көмектеседі; ұстаздардың, оқушылар ұжымының және отбасылардың оқушыларға қоятын талаптарының үйлесімділігі; әрбір бала үшін тиімді психологиялық ахуалдың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау.

Тәрбие заңдылықтары - тәрбие процесінде тұрақты қайталанатын және мәнді байланыстар болып табылады, оларды жүзеге асыру арқылы жеке адамды дамытуда не қалыптастыруда жетістіктерге жетеді.

Тәрбие мазмұны оның жалпы мақсатын, міндеттерін, және жақтарын бірлікте қамтып құрсетеді. Тәрбие мазмұны әр түрлі формалар мен әдістер қолдану арқылы жеке адамның дамуын қамтамасыз етеді. Оған кіретіндері: ақыл-ой, адамгершілік, еңбектік, эстетикалық, денелік дамуы.

Тәрбие тәсілі, амалы (прием) - жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты жақсарту.

Тәрбиелеу жүйесі мемлекеттің тәрбиелік саясатын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік ұйымдардың жиынтығының әрекеті. Оның өзі үш деңгейден тұрады: мемлекеттік, өңірлік және жергілікті (қала, аудан).

Тәрбиелеу мазмұны - тұлғаның білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының, көзқарас және сенімдердің, сапалары мен белгілерін, мінез-құлықтың тұрақты әдеттерінің жүйесін түсінеді, оларды меңгеру қажет және олар қойылған мақсатпен міндетке сәйкесті болады.

Тәрбиелеу формалары ұғымы - заттың, процесінің, құбылыстың ұйымдасу әдісі мен тіршілік әдісін білдіреді. Тәрбиені ұйымдастыру формасы - тәрбие элементтерінің ішкі байланысын бейнелейтін және тәрбиешілердің өзара қарым- қатынастарын сипаттайтын тәрбие процесін ұйымдастыру әдісі. Көпшілік: ұжымдық еңбек істері, мейрамдар, кештер, ертеңгіліктер, конференциялар, жиналыстар, диспуттар, фестивальдер, олимпиадалар, көркемөнер шығармашылығының байқаулары, көрмелер, спорттық, әскери-спорттық, еңбек жарыстары, турнирлер, жорықтар, экспедициялар.

Тәрбиелеу әдістері - тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыстағы іс-әрекетінің тәсілдерін түсінеді. Бұл іс-әрекет тәрбиелеудің міндеттерін шешуге бағытталған: 1. Тұлғаның санасын (ұғымдарын, түсінігін, пікірін, баға беру, нанымын) қалыптастыру сендіру әдістері: баяндау; түсіндіру, сендіру (внушение), иландыру (увещевание), әңгіме, пікірталас, өнеге. 2. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін (іскерлік, дағды, әдет, ерік, мінез т.б.) қалыптастыру әдістері: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттықтыру, арнайы тәрбиелік жағдаят, тапсырма. 3. Іс-әрекетті және мінез-құлықты ынталандыру және тежеу әдістері: мадақтау, жазалау, жарыс.

Жасалынған қорытындылар негізінде кедесі ұсыныстар беруге болады: зерттеу барысында жасалған әдістемені, бағдарламаларды бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде оқушыларды жан-жақты тәрбиелеу мақсатында пайдаланған орынды; оқушыларға ұлттық тәрбие беру бойынша біздің зерттеуімізде айқындалған педагогикалық шарттар бастауыш мектепте оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жоспарлауға негіз болуы тиіс; бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетін ұйымдастыру барысында лттық психологияның ерекшеліктеріне баса назар аударған жөн; отбасымен жұмыс мазмұнын қазақ халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесінің өзіндік сипатына сәйкес құру қажет; алынған зерттеу нәтижелері педагогикалық мамандық студенттерін кәсіби іс-әрекетке педагогикалық колледждерде, жоғары оқу орындарында даярлауда және білім беру қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру ісінде ерекше мәнге ие болады; - ұсынылып отырған бастауыш сынып оқушыларына халықтық педагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттарының жүйесін қазіргі таңдағы тәрбиенің жаңа технологияларымен өзара үйлесімде пайдаланған тиімді.

Оқушыларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын ізгілендіру қағидаларына негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
2. «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30579988&pos=3;-65#pos=3;-65
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2023.12.01. берілген өзгерістер мен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920
4. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Изд.-во «Наука», 1973. – 400 с.
5. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
6. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.1. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 592 б.
7. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. - пед.ғыл.докт. ...дисс. – Тараз, 2001. – 343 б.
8. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы: Комплекс, 2000. – 397 б.
9. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с. 101. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1999. – 376 с. Г.Н. Волков
10. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1999. – 376 с.
11. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Педагогикалық сөздік. – Түркістан, 2006. – 170 б.